

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.І, Ч.1. - Б.87-88

АСТАНА ҚАЛАСЫ «АСТАНАЭКОСТАНДАРТ» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА БАЯЛДЫ ДАҚЫЛЫНЫҢ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Базарбаева М.Д.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы әлемдік азық-түлік нарықтарына өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін шығарап отырып, сауда теңгерімін қалыптастыруға белсене қатысады. Сондай-ақ еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінде қайта өңдеу өнімдерінің көптеген түрлері бойынша импортқа тәуелділігі байқалады, мысалы жеміс-көкөніс өнімдері (оның ішінде, маусымаралық кезеңде), ет және сүт өнімдері бойынша импортқа тәуелділік деңгейі жоғары.

Қазақстан жылыжайлар қауымдастығының деректері бойынша бүгінде елде 1061 га ғана жабық топырақ алқабы бар, бұл көлемге өнеркәсіптік жылыжайлар кешені сияқты шағын жылыжайлар да кіреді. Бұл әрине өте аз, салыстырмалы түрде алғанда Польшада жылыжай шаруашылықтары алқабы 6 000 га астамды, Голландияда – 10 000, Түркияда – 41 000, ал Қытайда – шамамен 1,5 млн. га құрайды [1,2].

Қазақстан астанасының көкөніс өнімдеріне деген күн сайынғы қажеттілігі 320 тоннадан астамды құрайды. Бұл ретте қалаға күн сайын көкөніс өнімі толық көлемде жеткізілмейді, бұл осы тауар бағасының өсуіне ықпал етеді. Қазіргі уақытта, осы жобамен қарқынды жұмыс жасап келе жатқан жылыжайлардың бірі «АстанаЭкоСтандарт» жылыжай кешені. Жылыжай кешенінің жалпы аумағы 3 гектарды құрайды. Осы жерден жылына шамамен 1050 тонна қияр мен 900 тонна қызанақ өндіріледі. Ол елорданың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, маусымаралық кезеңдегі көкөніс тапшылығын болдырмауға септігін тигізіп, еліміздің нарығын қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосады, бірақ ол тым аз. Елімізде жабық алаңда маусымаралық кезеңде қызанақпен тұрғындарды қамтамасыз ету үшін қазіргі жылыжай егістігінің алаңы 615,2 га құрап отыр. Астана қаласында оның үлесі небары 0,23 пайызды құрайды.

Баялды – *Solanum melangenal*. Баялдыны көкөніс дақылы ретінде Еуропада және Ресейде XVII ғасырдан бастап өсіре бастаған. Одан жеке тағам дайындауға да болады, ал көбінесе консервілеу өнеркәсібінде қолданады. Тамаққа өсуін аяқтаған, бірақ піспеген – 25-30 тәуліктік жемістерін пайдаланады. Ондай жемісте 7-11% құрғақ заттар, 3-4 % қанттар,

сондай-ақ фосфор, калий, темір тұздары, А, В1, В2, С, Д дәрумендері және т.б. болады.

Баялдының жемісі емдік қасиетке ие - қандағы холестериннің кемуіне әсер етеді, тамырлардың склерозын және бүйрек ауруын емдеуі үшін де пайдалы.

Булыжайда және пленка астында баялдының тез пісетін, аласа бойлы сұрыптарын өсіреді. Булыжайлардағы баялдыны ерте пісетін орамжапырақ көшетін алғаннан кейін, бір кәсекке 3 қатарлап 9 өсімдіктен отырғызады. Пленка астына көшетті мамыр айының екінші жартысында отырғызады: қалқан астына 3 қатарлап, орларға – 2 қатарлап (50x30 см).

Ерте өнім алу үшін өсімдікті өгей бұтақсыздандырады, әлсіз және шабан бұтақтарын аластайды. Бір өсімдікте мықты дамыған 3-4 өркенін қалдырады. Булыжайда және пленка астында бір шаршы метрден 4-5 кг жеміс жинайды[3].

Түркия елінде жүргізілген соңғы жұмыстар бойынша баялдыға тамшылатып суару технологиясын қолданған. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша, тамшылатып суару технологиясы баялдының сапасына, өнімділігіне, жемісінің массасына, ұзындығымен құрғақ заттың мөлшеріне әсерін тигізген. Жерорта теңізіндегі Түркия жерінде танаптық жағдайда F1 сортына 3 интервал бойынша күндізгі суару жүйесін қолданған, салыстырмалы түрде қорғаулы жерде де 3 интервал бойынша күндізгі суару жүйесімен жасаған. Нәтижесінде қорғаулы жерде қолданылған суару жүйесіне танаптық жағдайда қолданылған сумен салыстырғанда 25 % төмен су жұмсалған. Алынған өнім мөлшері 60-75 т/га болған. Осыған орай мен өзімнің магистрлік жобамда Астана қаласы «АстанаЭкоСтандарт» ЖШС жағдайында баялды дақылының өсіру технологиясын жетілдіру. Жылыжайда қолданылатын биопрепараттар арқылы жоғары өнім алу. Алынған өнімнің сапасының жоғары болуын қадағалау[4].

Тұтастай алғанда Қазақстан өзін көкөніспен қамтамасыз етеді. Бір ғана мәселе ерте пісетін көкөніс болып табылады. Қорғаулы жерде, яғни жылыжайда өсірілетін көкөніс жетіспейді. Сондықтан да мемлекет қазіргі кезде жылыжайлар ұйымдастыруға ынталандырып отыр. Тек қана соңғы екі жылдың ішінде жылыжайлар саны бізде екі есеге ұлғайды. Ішкі базарларды ерте піскен көкөніспен қамтамасыз етудің қажетті деңгейіне қол жеткізу үшін ерте пісетін көкөніс өндірісін қосымша 80% ұлғайту қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. 2013 жылғы 18 ақпанда ҚР Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес – 2020» бағдарламасы.

2. 2011-2015 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту бағдарламасы. Астана қ., 2010 ж. - 21-22 бет.

3. Жеміс-көкөніс шаруашылығы, Щепетков Н.Г., Ысқақов М.А. Астана, 2011ж. 328-330 б.

4. Yeşim Bozkurt Çolak, Attila Yazar b, Sertan Sesveren, İlker Çolak. Evaluation of yield and leaf water potential (LWP) for eggplant under varying irrigation regimes using surface and subsurface drip systems //Sci. Hortic. 112 (2007), 142–148

Ғылыми жетекші: Н.Ж.Жанбыршина, а.и.ғ.к., аға оқытушы